

БЕКІТЕМІН
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті» ҚБЖК
басқарма топақасы, ректор
А.А. Нығметов
«08» _____ 2018 ж.



« АҚЖАЙЫҚ » ТӘЖІРИБЕ-ӨНДІРІСТІК ШАРУАШЫЛЫҒЫ КҮЗЕТШІ (СТОРОЖ)

ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫ

СМЖ.07.ЛН.84

№ 06 басылым
№ _____ дана

Дайындалды: 03.09.2018ж. Абдрахманов Р.Г. <i>[Signature]</i>	Келісілді: 07.09.2018ж. Тағаев О.О. <i>[Signature]</i> Алмагамбетова М.Ж. <i>[Signature]</i> Ихсанов Е.Б. <i>[Signature]</i> Тасқалиев Е.К. <i>[Signature]</i>	Енгізілді: 09.09.2018ж. Орнына: СМЖ.07.ЛН.84 10.09.2018ж. Қайта қаралуы: 09.09.2018ж.
---	--	---

Мазмұны:

1. Бағыты
2. Қолдану саласы
3. Лауазымдық міндеттері
4. Бағыныштылығы мен біліктілік талаптары
5. Жауапкершілігі мен өкілеттігі
6. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Енгізілген мерзімі	Беттер нөмірі	Дайындаушы	
			Тегі, аты, әкесінің аты	Қолы

1. Бағыты

Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасының «Еңбек кодексіне» сәйкес дайындалды.

2. Қолдану саласы

Бұл нұсқаулық «Ақжайық» тәжірибе-өндірістік шаруашылығы күзетшісіне (сторож) арналған.

3. Лауазымдық міндеттері:

3.1. «Ақжайық»ТӨШ–нің немесе оның нысандарының күзет және қауіпсіздік жұмыстарын қамтамасыз етуге;

3.2. «Ақжайық»ТӨШ – нің басшылығымен бекітілген тәртіпке сәйкес нысандарды күзетуге;

3.3. Бөгде адамдарды басшылардың арнайы рұқсатымен ғана кіргізуге;
Жұмыстан тыс уақытта, демалыс және мейрам күндері қызмет орындарына жұмысшылардың кіруіне шектеу қоюға;

3.4. Мүлік пен материалдық құндылықтарды жоғары оқу орнының басшылығының рұқсатынсыз ғимараттар мен «Ақжайық»ТӨШ – нің аумағынан шығаруға рұқсат етпеуге;

3.5. Өрт шыққан кезде, басшылыққа хабарлап, өрт сөндірушілерді шақырып, өрт сөндіру шараларын қолдануға;

- терезелер мен есіктердің бүтіндігі;
- бөгде адамдардың аумақта, ғимарат ішінде болмауы;
- қоршау жүйелерінің дұрыстығы;
- мөрлер мен пломбалардың бүтіндігі;
- өрт сөндіру инвентарларының болуы.

3.6. Нысанды күзетуге ауысатын күзетші (сторож) болмай қалған кезде басшылыққа хабарлап, одан әрі солардың нұсқауымен әрекет етуге;

3.7. Есік, терезе мен құлыптар сынған, пломбалар мен мөрлер жұлынған басқа да бұзылу жағдайларында нысанды мұқият тексеріп, бөлім жетекшісіне дереу хабарлап, соның нұсқауымен әрекет етуге;

3.9. Кезекшілік кезінде жұмыс орнын тастамауға;

3.10. Кезекшілік уақыты аяқталар алдында, сонымен қатар, тәулік ішінде барлық күзетілетін аймақты әлсін-әлсін қарап, олардың бүтіндігіне көз жеткізіп, журнал бойынша ауысатын күзетшіге тапсыруға;

3.11. Кезекшілік кезінде рұқсат етілмейді:

- өз бетінше (әкімшіліктің рұқсатынсыз) нысанның есік және терезелерін ашуға немесе құлыптауға; пломбалар мен мөрлерді қондыруға, өрт сөндіру инвентарларының орнын ауыстыруға;
- беймезгіл уақытта нысандарға бөтен адамдарды жіберуге;
- нысанды күзетуді өзге адамдарға тапсыруға;
- нысанды күзету аумағынан (объект территория) кетуге;
- ұйықтауға, жазуға, оқуға, шылым шегуге, спирттік ішімдіктер пайдалануға;

3.12. Бекітілген аймақтарды, бөлмелерді таза ұстауға;

3.13. Өзінің лауазымдық міндеттерін адал, сапалы және уақытылы орындауға;

3.14.Еңбек және қауіпсіздік техникасы нормаларын, университет жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және жұмыс тәртібін сақтауға, денсаулығын қажетті деңгейде ұстау;

- 3.15. Қауіпсіздік шараларын қолдана отырып, берілген ереже бойынша дер кезінде нысанды күзетуге;
- 3.16. Керек болған жағдайда мүліктің жоғалуына күдікті болған қызметкерлердің заттарын заңға сәйкес қарауға;
- 3.17. «Ақжайық»ТӨШ – нің аумағына ішімдік ішкен күйде, улы заттарды, оқ атушы және суық қаруды жібермеуге;
- 3.18. Қызмет көрсету кезінде әдептілік танытып, заңдылыққа сәйкес ережелерді қадағалауға;
- 3.19. «Ақжайық»ТӨШ – нің аумағында шылым шегуге жол бермеуге;
- 3.20. Қызметкерлермен сыйластық, қарым-қатынасты сақтауға міндетті.

4. Бағыныштылығы мен біліктілік талаптары:

- 4.1 Күзетші «Ақжайық»ТӨШ – нің меңгерушісіне басқарма басшыларына бағынады.
- 4.2. «Ақжайық»ТӨШ – нің күзетшісі білуі қажет:
 - 4.2.1. Университет Жарғысын, «Ақжайық»ТӨШ – нің ішкі тәртіп ережелерін, ЖОО нормативтік құжаттарын;
 - 4.2.2. Осы лауазымдық нұсқаулықты, «Ақжайық»ТӨШ – нің ережесін;
 - 4.2.3. Өз өкілеттігі шегінде сапа менеджменті жүйесі құжаттарын.

4.3. Біліктілік талаптары:

- 4.3.1. Орташа білімі, әскердегі қызметінің болуы;
- 4.3.2. Адал, әдепті, жауапты, талап еткіш; жедел түрде шешім қабылдай алуы;
- 4.3.3. Іскерлік деңгейде мемлекеттік тілді білуі;
- 4.3.4. Терроризмге қарсы әрекет ету талаптарын білуі;

5. Жауапкершілігі мен өкілеттігі

5.1. «Ақжайық»ТӨШ – нің күзетшісі:

- 5.1.1. Өзінің лауазымдық нұсқаулығында көзделген лауазымдық міндеттерін тиісті орындамаған немесе орындамаған жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі шегінде жауап алынады;
- 5.1.2. Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы үшін ҚР-ның әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамаларында көзделгендей жауапты;
- 5.1.3. Материалдық залал келтіргені үшін ҚР-ның Еңбек кодексі шегінде жауапты.

5.2. «Ақжайық»ТӨШ – нің күзетші (сторож) құқылы:

- 5.2.1. Жұмыстағы жетістігі үшін марапатталуға;
- 5.2.2. Қажетті еңбек жағдайларымен қамтамасыз етілуін талап етуге;
- 5.2.3. Жылына 24 күн күнтізбелік күн көлеміндегі ақылы еңбек демалысын алуға.

6. Сілтемелер

ҚР «Еңбек кодексі» Заңы 23.11.2015 ж. № 414-V;
ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 жыл. №410-V;
ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы .
№ 553 бұйрығы «Басшылардың, мамандардың және басқа да қызметкерлер лауазымының біліктілік анықтамалығы» бұйрығы;
ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;
«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» Жарғысы;
СМЖ 07.ҚЕ.07. Университеттің ішкі тәртіп ережесі;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттары;
Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.